

## Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2009 жылға арналған төлемақы мөлшерлері туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2009 жылғы 10 қаңтардағы N 158/12 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 13 қаңтарда N 3130 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 2014 жылғы 03 қыркүйектегі N 1-11/560 хатымен)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 03.09.2014 N 1-11/560 хатымен).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексі 495-бабының 9-тармағына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2009 жылға арналған төлемақы мөлшерлері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Облыстық мәслихаттың (IV сайланған XI сессиясы) 2008 жылғы 18 желтоқсандағы "Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2009 жылға арналған төлемақы мөлшерлері туралы" N 149/11 шешімінің күші ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1-қаңтарынан пайда болатын құқықтық қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а т ы л а д ы .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы*

*Р. Гафуров*

Павлодар облыстық мәслихатының  
(IV сайланған XII (кезектен тыс) сессия)  
2009 жылғы 10 қаңтардағы  
N 158/12 шешіміне қосымша

**Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2009 жылға арналған төлемақы мөлшерлері**

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлері мыналарды құрайды:

Рет N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлері (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлері (АЕК)
1	2	3	4
1.	Күкірт тотықтары	15,0	
2.	Азот тотықтары	15,0	
3.	Шаң және күл	7,5	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	2989,5	
5.	Күкіртсутек	93,0	
6.	Фенолдар	249,0	
7.	Көмірсутектер	0,24	
8.	Формальдегид	249,0	
9.	Көміртегі тотықтары	0,24	
10.	Метан	0,015	
11.	Күйе	18,0	
12.	Темір тотықтары	22,5	
13.	Аммиак	18,0	
14.	Алты валентті хром	598,5	
15.	Мыс тотықтары	448,5	
16.	Бенз(а)пирен		747,5

2. Заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлері мыналарды құрайды:

Рет N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлері (АЕК)
1	2	3
1.	Көмірсутектер	2,23
2.	Көміртегі тотықтары	0,73
3.	Метан	0,04

3. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлері мыналарды құрайды:

Рет N	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін төлемақы мөлшерлері (АЕК)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,33
2.	Дизель отыны үшін	0,45
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,24

4. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлері мыналарды құрайды:

--	--	--

Рет N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлері (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	670,0
2.	Мырыш	1340,0
3.	Мыс	13402,0
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	4,0
5.	Тұзды аммоний	34,0
6.	Мұнай өнімдері	268,0
7.	Нитраттар	1,0
8.	Жалпы темір	134,0
9.	Сульфаттар (анион)	0,4
10.	Өлшенген заттар	1,0
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	27,0
12.	Хлоридтер (анион)	0,1
13.	Алюминий	27,0

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлері мыналарды құрайды:

Рет N	Қалдық тардың түрлері	Төлемақы мөлшерлері (АЕК)	
1 тонна үшін	1 гигабек-керель (Гбк) үшін		
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,19	
1.2.	Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1	"қызыл" тізім	7,0	
1.2.2	"янтарь" тізім	4	
1.2.3	"жасыл" тізім	1,0	
1.2.4	жіктелмегендер	0,450	
1.3.	<b>Бұдан басқа:</b>		
1.3.1	аршынды жыныстар	0,003	
1.3.2	жанас таужыныстары	0,02	
1.3.3	Байыту қалдықтары	0,015	
1.3.4	шламдары, қалдықтары	0,029	
1.3.5	күл мен күлшлактар	0,33	
1.3.6	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,009	
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		

2.1.	Трансуранды	0,38
2.2.	Альфа-радиоактивті	0,19
2.3.	Бета-радиоактивті	0,02
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер	0,19

### **Б . Е с к е р т у :**

1) коммуналдық қызметтер көрсету кезінде түзілетін эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен энергия өндіруші ұйымдары үшін төлемақы мөлшерлері осындай коэффициенттер енгізіледі:

1-тармақта – 0,3 коэффициенті;

4-тармақта – 0,43 коэффициенті;

5-тармақтың 1.3.5.-жолында – 0,05 коэффициенті;

2) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін 5-тармақтың 1.1.-жолда белгіленген төлемақы мөлшерлері 0,2 коэффициенті қолданылады.

3) 1), 2) тармақшаларда қаралған ескертпедегі жеңілдік коэффициенттерді қоршаған ортаға эмиссиясының жоғары нормативтік көлемі үшін төлеміне қ о л д а н ы л м а й д ы .

4) белгіленген лимиттерден асып түскен қоршаған ортаға эмиссия үшін осы бапта белгіленген төлемақы мөлшерлері он есеге ұлғаяды.